

**«8D04113 – Мемлекеттік басқару» білім беру бағдарламасы бойынша бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға ұсынылған Утепова Гаиза Маратовнаның «Қазақстан Республикасында мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдардың өзара іс-қимыл тетігін трансформациялау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	<p>Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы</p>	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p>	<p>Диссертациялық жұмыс өзекті тақырыпқа жазылған. Қазақстан Республикасындағы мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдардың (ҮЕҰ) өзара іс-қимылын жетілдіру демократиялық, зайырлы қоғам құруда маңызды міндет болып табылады.</p> <p>Бұл диссертациялық зерттеу нақты ғылыми жоба мен бағдарлама шеңберінде орындалмаған.</p> <p>Диссертация бірқатар мемлекеттік бағдарламалардың міндеттерін іске асыру мақсатында орындалды:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты;</li> <li>- «Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 27 тамыздағы № 390 Жарлығы;</li> <li>- «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 522 Жарлығы.</li> </ul>
2.	<p>Ғылымға маңыздылығы</p>	<p><b>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</b></p>	<p>Диссертациялық жұмыстың авторы Қазақстан Республикасындағы мемлекет пен ҮЕҰ-дың өзара іс-қимыл деңгейін қазақстандық ғылыми тұрғыдан зерттелмеген және бағаланбаған мемлекеттік басқару тетіктеріне алғашқы қадам ретінде қарастыруға болатынын атап өтеді.</p> <p>Зерттеу материалдары дәйектілікпен баяндалған, диссертация бөлімдері өзара байланысты, қорытындылар негізделген және жүргізілген социологиялық зерттеу нәтижелеріне негізделген және диссертациялық жұмыстың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді.</p> <p>Зерттеу материалдары Қазақстан Республикасында мемлекет пен ҮЕҰ-ның өзара іс-қимылын жақсарту үшін қызмет етуі мүмкін.</p>

			<p>Жүргізілген зерттеулер мен талдау өзара іс-қимылдың негізгі проблемалары мен оларды шешу жолдарын, сондай-ақ дамудың негізгі бағыттарын көрсетеді.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:  <b>1) жоғары;</b>  <b>2) орташа;</b>  <b>3) төмен;</b>  <b>4) өзі жазбаған</b></p>	<p>Диссертациялық жұмыс дербес ғылыми зерттеу болып табылады, логикалық құрылымға ие, ал қорғауға ұсынылған нәтижелер жеткілікті жаңалыққа ие және практикада қолдануға болады.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:  <b>1) негізделген;</b>  <b>2) жартылай негізделген;</b>  <b>3) негізделмеген.</b></p> <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды  <b>1) айқындайды;</b>  <b>2) жартылай айқындайды;</b>  <b>3) айқындамайды</b></p>	<p>Диссертациялық жұмыста тақырыптың өзектілігі тереңінен қарастырылып, толық <u>негізделген</u>. Зерттеу барысында мемлекет пен ҰЕҰ өзара қатынас саласының тұрақты дамуы мен тиімді басқару мәселелерін шешуге арналған тәсілдер мен ұсыныстарды әзірлеу арқылы елдегі үшінші сектордың дамуына ықпал етуге бағытталған. Сонымен қатар, жұмыста саланың ағымдағы сын-қатерлері мен олардың шешімдері кеңінен қарастырылған, бұл зерттеудің ғылыми және практикалық маңыздылығын одан әрі күшейтеді. Зерттеудің нәтижелері тек теориялық қана емес, сонымен бірге практикалық құндылығы бар және аталған саласындағы басқару тетіктерін жетілдіруге нақты ұсыныстар береді. Соның нәтижесінде, диссертацияның мазмұны зерттеу тақырыбының өзектілігін толық ашып, оның ғылыми құндылығын растайды.</p> <p>Диссертацияның теориялық құрылымы, зерттеу мақсаты, нысаны мен пәні тақырыбына сәйкес және логикалық байланысып құрылған. Теориялық пен эмпирикалық зерттеу кіріспеден, сегіз параграфты біріктіретін үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер мен әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Көлемі 157 бет жұмыс кіріспеден, сегіз параграфты біріктіретін үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады, 38 сурет пен 14 кестеден, сондай-ақ зерттеу тақырыбы бойынша жұмыс материалдары жинақталған қосымшалардан тұрады.</p>

	<p>Диссертацияны талдау докторанттың зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін, жұмыстың ғылыми жаңалығын, қорғауға ұсынылған негізгі ережелерді нақты тұжырымдағанын көрсетеді.</p> <p>Алынған деректердің дұрыстығы мен негізділігі диссертациялық жұмыста тиісті статистикалық талдауы бар кестелердің болуымен расталады.</p> <p>Бірінші бөлімінде мемлекет пен ҮЕҰ өзара іс-қимылының теориялық аспектілері және халықаралық тәжірибе қарастырылып, зерделенген. Нәтижесінде зерттеудің әдіснамалық базасы жасалған.</p> <p>Екінші бөлімінде қаржылық, қаржылық емес және тетіктерді бағалауды қоса алғанда, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың өзара іс-қимылының қолданыстағы тетігі талданған.</p> <p>Үшінші бөлімінде мемлекет пен ҮЕҰ-ның өзара іс-қимыл тетігін трансформациялау үшін үкіметтік емес ұйымдарды қаржыландырудың цифрлық платформасын дамыту жөнінде ұсыныстар берілді, ҮЕҰ-ның электрондық есепке алу нысандары мен деректер базасын оңтайландыру, мемлекеттік органдар мен ҮЕҰ арасында кері байланысты қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар әзірленген.</p> <p>Қорытындыда диссертациялық зерттеу нәтижелері бойынша тұжырымдар мен ұсыныстар, сондай-ақ зерттеудің барысы мен нәтижелерін көрсететін көрнекі және иллюстрациялық материалдар қосымшалармен қамтылған.</p>
<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) сәйкес келеді;</p> <p>2) жартылай сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді</p> <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <p>1) толық байланысқан;</p> <p>2) жартылай байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ</p> <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) сыни талдау бар;</p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың авторы Қазақстан Республикасындағы мемлекет пен ҮЕҰ-дың өзара іс-қимыл деңгейін қазақстандық ғылыми тұрғыдан зерттелмеген және бағаланбаған мемлекеттік басқару тетіктеріне алғашқы қадам ретінде қарастыруға болатынын атап өтеді.</p> <p>Зерттеу материалдары дәйектілікпен баяндалған, диссертация бөлімдері өзара байланысты, қорытындылар негізделген және жүргізілген социологиялық зерттеу нәтижелеріне негізделген және диссертациялық жұмыстың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді. Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) толық негізделіп, мемлекет пен ҮЕҰ өзара қатынасын мемлекеттік реттеудің тиімділігін арттыруға бағытталған әдістер сыни тұрғыдан талданды. Нәтижесінде авторлық ұсыныстардың заманауи талаптарға сай екендігі дәлелденіп, практикалық маңыздылығы анықталды</p>

5.	<p>Ғылыми жаңашылдық принципі</p> <p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидағтар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) <b>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</b></p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеудің ғылыми жаңалығы теориялық ережелерді зерделеу және жинақтау, нақты материалдың кең спектрін және шетелдік тәжірибені талдау негізінде автор Қазақстан Республикасындағы мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдардың өзара іс-қимыл тетігін жетілдіру бойынша жинақтаушы зерттеу ұсынғандығында.</p> <p>Бірінші жаңалық: мемлекеттік гранттардың басым бағыттарын қалыптастыру, жобаларды бағалау бойынша сарапшылар пулының базасын құру, ҮЕҰ жобаларының орындалуын мониторингілеу және бағалау, мемлекеттік гранттар беру тетігін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер енгізе отырып, электрондық келісімшарттар жасасу кезінде бизнес-процестерді цифрландыру жолымен ҮЕҰ гранттық қаржыландыру процесін цифрландыру жөнінде ұсыныстар әзірленді – <b>жартылай жаңалық;</b></p> <p>Екінші жаңалық: ҮЕҰ есептік нысандарын қысқарту, ҮЕҰ дерекқорына қол жеткізу, ҮЕҰ есепке алудың бірыңғай базасын құру мақсатында ҚР Мәдениет және ақпарат министрілігінің, ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Ұлттық статистика бюросының, ҚР Әділет министрілігінің және ҚР Қаржы министрілігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің ақпараттық жүйелерін интеграциялау бойынша ұсыныстар әзірленді – <b>толығымен жаңалық;</b></p> <p>Үшінші жаңалық: ҮЕҰ үшін жол көрсеткіш әзірленді, онда ҮЕҰ қызметін нормативтік- құқықтық реттеу туралы ақпарат, ҮЕҰ-ны мемлекеттік қолдаудың қаржылық және қаржылық емес тетіктері, ҮЕҰ қызметінің стратегиясын әзірлеу әдістемесі, сондай-ақ мемлекеттік органдармен кері байланыс нысандары енгізілген – <b>толығымен жаңалық.</b></p>
		<p>Диссертациялық жұмыс дербес ғылыми зерттеу болып табылады, логикалық құрылымға ие, ал қорғауға ұсынылған нәтижелер жеткілікті жаңалыққа ие және практикада қолдануға болады.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <b>толығымен жаңа;</b></p> <p>2) <b>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</b></p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	

	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) <b>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</b></p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық және басқару шешімдері ішінара жаңа (75%), өйткені олар алдыңғы әдістерден белгілі әдістерді жетілдіру және оларды жаңа жағдайларға бейімдеу арқылы қарастырылады. Зерттеу барысында ұсынылған шешімдер саланың ағымдағы мәселелерін шешудің инновациялық тәсілдерін ұсынады. Бұл шешімдер жаңа элементтер мен инновациялық тәсілдерді енгізгенімен, олардың белгілі бір бөлігі алдыңғы тәжірибеге негізделген, сондықтан олар жартылай жаңа болып саналады.</p>
6.	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда кең ауқымды дәлелдемелерге негізделген, бұл зерттеу барысында алынған нәтижелердің сапасы мен сенімділігін дәлелдейді. Зерттеу нәтижелері ғылыми басылымдарда талқыланып, жарияланды. Сонымен қатар, уәкілетті органның енгізу актісі де бар екенін атап өткен жөн.</p>
7.	<p>Қорғауға шығарылған негізгі қағида</p> <p>Әр қағида бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағида дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Қорғауға шығарылған барлық тұжырымдар дәлелденген. Диссертациялық зерттеу нәтижесінде қорғауға ұсынылатын бес негізгі тұжырымдар бар, олар төмендегідей жауаптарға ие:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- әр тұжырымы дәлелденген;</li> <li>- тұжырымдары тривиалды емес;</li> <li>- тұжырымдары жаңа;</li> <li>- тұжырымдардың қолдану деңгейі кең;</li> </ul> <p>тұжырымдарды 6 мақалада дәлелденген. Скопус (Scopus) мәліметтер базасына кіретін 2 ғылыми мақала, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған экономикалық басылымдарда 4 ғылыми мақала жарияланған.</p>

8.	Дәйектілік принципі	8.1 Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық зерттеуді орындау кезінде қолданылатын әдістеме нақты және толық баяндалған. Зерттеудің әдіснамалық негіздері нақты сипатталған және зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес таңдалады.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы алынған, ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелеріне негізделген. Интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ 8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық зерттеулер бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы алынған, ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелеріне негізделген. Зерттеу барысында қолданылған әдістер мен құралдар заманауи талаптарға сай және ғылыми дәлдік пен сенімділікті қамтамасыз етуге бағытталған. Диссертациялық зерттеуде жасалған теориялық қорытындылар мен тұжырымдар жан-жақты талдаулармен делелденді және расталды. Зерттеу барысында барлық ұсыныстар мен тұжырымдар тәжірибе жүзінде тексеріліп, олардың теориялық негіздері нақтыланған. Маңызды мәлімдемелер экономика, әлеуметтік және қаржы саласындағы қазіргі ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталады.
	Практикалық құндылық принципі	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Автор 240 әдебиет көзін пайдаланды, бұл әдебиеттерге шолу жасау үшін жеткілікті. Жұмыстың теориялық маңыздылығы диссертацияда кемшіліктерді толықтыру мен дамыту және мемлекеттің ҮЕҰ-мен өзара қарым-қатынасын нығайту үшін маңызы бар теориялар, тұжырымдамалар қаралуында. Зерттеу материалдарын ғылыми-практикалық конференцияларға қатысу үшін тезистер мен баяндамалар дайындау кезінде, ғылыми мақалалар, сондай-ақ диссертациялық зерттеу проблематикасы бойынша монографиялар жазу кезінде қолдануға болады.

		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Осы зерттеудің практикалық маңыздылығы оның нәтижелерін, нақты ұсынымдар мен ұсыныстарды мемлекеттік органдар мен ҰЕҰ-ның өзара іс-қимылы процесінде практикада қолдану мүмкіндігінен тұрады. Мұндай қолдану Қазақстанның дамуына ықпал ете отырып, мемлекеттік және үкіметтік емес секторлардағы өзара іс-қимыл деңгейін айтарлықтай жақсартады.</p>
	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p>		<p>Практикалық ұсыныстар жартылай жаңа болып табылады, себебі олар алдыңғы әдістер мен тәжірибелерді жетілдіру және мемлекет пен ҰЕҰ қажеттіліктеріне бейімдеу арқылы әзірленген. Зерттеу барысында ұсынылған шешімдер аталған саласындағы нақты мәселелерді шешуге және өзара қатынасты дамуды қолдауға бағытталғанымен, олардың негізінде бұрыннан белгілі тәсілдер жатыр. Алайда, ұсыныстарда тың бастамалар беріліп, жаңа элементтермен толыққан, жанашылдықтар енгізілген, бұл оларды бұрыннан бар әдістердің дамуы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.</p>
<p>10. Жазу және ресімдеу сапасы</p>	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>		<p>Академиялық жазудың сапасы жоғары, өйткені диссертация ғылыми терминологияның дұрыс қолданылуын, логикалық құрылымның сақталуын және идеялардың нақты берілуін қамтамасыз етеді. Зерттеу барысында материалдар нақты, нақты және дәл және ғылыми талаптарға толық сәйкес келеді. Сонымен қатар, мәтіннің жүйелілігі мен дәлелдің дәлдігі жұмыста академиялық жазудың жоғары сапасын көрсетеді.</p>

Утепова Газиза Маратовнаның «Қазақстан Республикасында мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдардың өзара іс-қимыл тетігін трансформациялау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы жоғары академиялық деңгейде орындалған, зерттеу нәтижелері мен ұсыныстары өзекті, ғылыми жанашылдығымен ерекшеленеді және практикалық маңыздылығы жоғары деп бағаланады, автордың «8D04113 – Мемлекеттік басқару» білім беру бағдарламасы бойынша бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

**РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТ:**

Мемлекеттік басқару докторы, ҚР Өділет министрлігінің  
Қостанай облысы Өділет Департаменті басшысының орынбасары



Мухаметкалиева Ельмира Мамытжановна

9.10.24